

Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 155 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 мамырда № 10947 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 13.07.2021 № 454-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 22)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Б.Б. Қанешев):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімдік баспа басылымдарға және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1) , 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 12 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 1 сәуір

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 24 ақпандағы
№ 155 бұйрығымен бекітілген

Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалар (бұдан әрі - Қағидалар) "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 22) тармақшасына сәйкес әзірленді және тауардың шығарылған елін айқындау, шығу тегі туралы сертификатты беру және оның қолданысын жою тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидалар:

- 1) уәкілетті органға;
- 2) уәкілетті ұйымға;
- 3) сараптамалық ұйымдарға;
- 4) тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сарапшы аудиторларға;

5) тауардың шығу тегі туралы сертификат алуға мүдделі жеке немесе заңды тұлғаларға қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) адвалорлық үлес - пайдаланылатын материалдар құнының пайыздық үлесі немесе жеткізілетін тауардың "франко-зауыт" бағасында тіркелген пайыздық үлеске жететін қосылған құн;

2) кері экспорт - шетелден әкелінген тауарларды қайта өңдемей елден әкету;

3) алып тасталды – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) өтініш беруші - тауардың шығу тегі туралы сертификат алуға мүдделі жеке немесе заңды тұлға;

5) сараптама ұйымы - штатында тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы аудиторы бар, тауардың шығу тегіне сараптама жүргізу жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын заңды тұлға;

6) сериялы өндіріс тауары - шығарылуы ұзақ уақыт бойы жеке топтамалармен қайталанатын тауар;

7) сериялық өнімнің шығу тегі туралы сертификат – "Еуразиялық үкіметаралық кеңесінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы және сериялық өнімнің шығу тегі туралы сертификат қолдану туралы" Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 2 шешімінің талаптарына сәйкес (бұдан әрі – ЕАҰК шешімі) Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттердің аумағына шығарылатын сертификаттың қолданылу мерзімі ішінде үздіксіз өндіріс процесі аясында Қазақстан Республикасының бір өндірушісі (заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер) шығарған тауардың шығу тегін және ЕАЭО сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес 10 таңбалы коды бар тауардың шығу тегі туралы сертификат;

8) сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы (СЭҚ ТН) - сандық белгі немесе топтық сандық белгілер (кодтар) түрінде тауарлық топтарды, позицияларды, қосалқы позицияларды, кіші қосалқы позицияларды қамтитын тауарлар жіктеуіші. Жіктеуіштің кез келген деңгейінде позицияларға берілетін түсініктер, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы түсіндірмесінің негізгі қағидалары сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының ажырамас бөлігі болып табылады;

9) тауардағы жергілікті қамту үлесі - пайдаланылатын жергілікті материалдар құны мен тауарларды өндірушінің Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарды қайта өңдеуге жұмсаған шығынының тауардың түпкілікті құнындағы пайыздық құрамы;

10) тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдері - тауарлардың шығарылған елін айқындау қағидаттарының бірі, оған сәйкес егер тауарды өндіруге екі немесе одан да көп ел қатысса, тауарға тән қасиеттерді беру үшін, тауар соңғы рет елеулі қайта өңдеуге қай жерде ұшыраса, сол елден шығарылды деп саналады;

11) тауардың шығу тегі туралы сертификат - егер әкетілетін елде сертификат тауар шығарылған елден алынған мәліметтер негізінде берілсе, тауар шығарылған елді куәландыратын және осы мемлекеттің немесе әкететін мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құжат;

12) тауар шығарылған ел - тауар толық шығарылған немесе жеткілікті дәрежеде өңделген/қайта өңделген ел;

13) тауар - Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін немесе Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы тасымалданатын мүлік, оның ішінде энергияның электр, жылу және өзге де түрлері, сондай-ақ жолаушылар мен тауарларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын көлік құралдарын қоспағанда, көлік құралдары;

14) тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор – уәкілетті органмен айқындалған тәртіпте аттестатталған жеке тұлға;

15) тауардың бірегей нөмірі - тауардың әр бірлігіне жазылатын және тауардың осы түрі үшін айқындалған қызмет/жарамдылық мерзімі ішінде пайдаланылатын, салалық стандартқа сәйкес құрылымы бар өзгермейтін бұйым нөмірі;

16) "франко-зауыт" жағдайындағы баға - өндірілген тауар экспорты кезінде төленген немесе төленуі мүмкін кез келген ішкі салықтарды қоспағанда, "франко-зауыт" жағдайында соңғы қайта өңдеу жүргізілген кәсіпорында өндірушіге төленуге тиіс тауардың бағасы;

17) уәкілетті орган - техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

18) уәкілетті ұйым - тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеуді, куәландыруды, беруді және оның күшін жоюды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

19) уәкілетті тұлға - тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу куәландыру және беру құқығы бөлінген, уәкілетті ұйымның штатындағы тұлға;

20) сыртқы экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуіші (СЭҚ ӨЖ) - экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдерді жіктеу мен кодтау тәртібін белгілейтін өнім жіктеуіші;

21) экспорт - отандық не бұрын шетелден әкелінген және оларды сыртқы нарықта өткізу үшін қайта өңдеуге ұшыраған тауарларды елден әкету.

22) қарапайым құрастыру операциялары - өтінім беруші өндірімеген жекелеген тораптар мен бөлшектерден тауарды жөніндегі, оның ішінде орындауы осындай операцияларда орындауға арналған арнайы машықтарды қолдануды талап етпейтін құрастыру, тойтармалау, нығыздау, желімдеу, бекіту бұйымдарымен қосу (бұрандалармен, сомындармен, бұрамалармен, бұрамашегелермен және метал бұйымдар), дәнекерлегішпен қолмен дәнекерлеу операциялары;

23) ішкі аудит - уәкілетті ұйымның осы Қағидаларда көзделген "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығарылған елін айқындау тәртібінің және (немесе) тауардың шығу тегі туралы сертификатты ішкі айналым үшін беру тәртібінің сақталуын тексеруі.";

24) уәкілетті ұйымның ақпараттық жүйесі - тауардың шығу тегі туралы сертификатты және оған қоса берілген құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдау, сондай-ақ ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін, тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу және оның күшін жою жүзеге асырылатын сертификаттаудың электрондық жүйесі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 04.11.2020 № 247-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 10.07.2021 дейін қолданылады); өзгеріс енгізілді – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Тауардың шығарылған елін айқындау, Қазақстан Республикасынан экспортталатын , кері экспортталатын тауарларға тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру тәртібі

4. Тауардың шығарылған елін айқындау үшін тауардың:

1) толығымен Қазақстанда шығарылғаны;

2) тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемін ескере отырып Қазақстанда шығарылғаны;

3) шетелде шығарылғаны белгіленуге тиіс.

5. Мыналар:

1) елдің жер қойнауынан, оның аумағынан немесе оның аумақтық теңіздерінде (елдің басқа суларында) немесе оның түбінен, немесе осы елдің аумағындағы атмосфералық ауадан өндірілген табиғи қорлар (пайдалы қазбалар және минералды өнімдер, су, жер қорлары, атмосфералық ауа қорлары);

2) осы елде өсірілген немесе жиналған өсімдік тектес өнім;

3) осы елде төлдеген және (немесе) өсірілген тірі жануарлар;

4) осы елде өсірілген жануарлардан алынған өнім;

5) осы елде аңшылық немесе балық аулау кәсіпшілігінің нәтижесінде алынған өнім;

6) осы елдің кемесімен не ол жалға алған (кіреге алған) кемемен алынған теңізде балық аулау кәсіпшілігінің өнімі мен теңіз кәсіпшілігінің басқа да өнімі;

7) осы елдің қайта өңдеуші кемесінің бортында осы тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген өнімнен ғана алынған өнім;

8) осы елдің сол теңіз түбін немесе сол теңіз қойнауын игеруге арналған ерекше құқықтарының болу шартымен осы елдің аумақтық суларынан (теңізінен) тыс жерлердегі теңіз түбінен немесе теңіз қойнауынан алынған өнім;

9) өндірістік немесе қайта өңдеу жөніндегі өзге де операциялар нәтижесінде алынған қалдықтар мен металл сынықтары (қайталама шикізат), сондай-ақ осы елде жиналған және тек шикізат күйінде қайта өңдеу үшін ғана жарамды, пайдалануда болған бұйымдар;

10) осы елге тиесілі не ол жалға алған (кіреге алған) ғарыш кемелерінде ашық ғарышта алынған жоғары технологиялар өнімі;

11) осы елде осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) тармақшаларында көрсетілген өнімнен ғана дайындалған тауарлар толығымен Қазақстан Республикасында өндірілген тауарлар болып саналады.

6. Егер тауарды өндіруге екі және одан да көп ел қатысса, жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдеріне жауап беретін, тауарды қайта өңдеу жөніндегі соңғы операциялар жүзеге асырылған ел тауарды шығарған ел болып саналады.

7. Қазақстан Республикасы аумағынан шығарылатын тауарларға қатысты (ратификацияланған) халықаралық тауардың шығарылған елін анықтау (шыққан елін анықтау өлшемдері) келісім/келісімшарт немесе шыққан елін анықтау ережелері (шығарылған елді анықтау өлшемдері) бар, елі (одағы) біржақты түрде белгілеген жағдайда, тауарлардың шыққан елін анықтау өлшемдері осындай халықаралық келісімдерге / шарттарға немесе шығарылған елді анықтау ережелеріне (шыққан елін анықтау өлшемдеріне) сәйкес анықталады.

Әкелу елінде (одағында) біржақты тәртіппен белгіленген қолданыстағы (ратификацияланған) халықаралық келісімдер/шарттар немесе шығу елін айқындау қағидалары (шығу елін айқындау өлшемшарттары) болмаған кезде тауардың шығу елін айқындау осы Қағидаларда белгіленген шығу өлшемдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Импорттаушы ел (одақ) біржақты тәртіппен белгілеген қолданыстағы (ратификацияланған) халықаралық келісімдердің/шарттардың талаптарын немесе шығу елін айқындау қағидаларын (шығу елін айқындау өлшемдерін) орындамаған кезде өтініш берушінің өтініші бойынша осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес "Түпнұсқа" жалпы нысандағы тауардың шығу тегі туралы сертификат ресімделуі мүмкін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген операцияларды жүзеге асыруды қоспағанда, тауарға тән қасиеттер беру үшін тауарды жеткілікті қайта өңдеу Қазақстан Республикасынан экспортталатын тауарды оған Қазақстан Республикасында өндірілген тауар мәртебесін беру үшін жеткілікті қайта өңдеу өлшемдері болып табылады.

Осы тармақта көзделген жеткілікті өңдеу өлшемшарттары орындалған жағдайда, "Түпнұсқа" нысанындағы тауардың шыққан жері туралы сертификат беріледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мыналар:

1) тауарларды сақтау немесе тасымалдау кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі операциялар;

2) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөніндегі операциялар (лекті бөлшектеу, жөнелтуді қалыптастыру, сұрыптау, қайта буып-түю);

3) жуу, тазарту, шаңды тазалау, тотық, май және басқа заттар жағу;

4) тоқыманы үтіктеу немесе нығыздау (талшықтар мен иірілген жіптің кез келген түрлері, талшықтар мен иірілген жіптің кез келген түрлерінен жасалған тоқыма материалдар және олардан жасалған бұйымдар);

5) бояу немесе жылтырату жөніндегі операциялар;

6) дәнді дақылдарды және күрішті қауыздан аршу, ішінара немесе толық ағарту, қырнау және жылтырату;

7) қантты бояу немесе кесек қант жасау жөніндегі операциялар;

8) жемістердің, көкөністер мен жаңғақтардың қабығын аршу, тұқымдарын алу және оларды бөлу;

9) қайрау, қарапайым тарту немесе қарапайым кесу;

10) елек немесе елеуіш арқылы елеу, сұрыптау, жіктеу, іріктеу, талғау (оның ішінде бұйымдар жинағын жасау);

11) банкаларға, құтыларға, қаптарға, жәшіктерге, қораптарға құю, өлшеп салу және буып-түю жөніндегі басқа да қарапайым операциялар;

12) қарапайым құрастыру операциялары немесе тауарларды бөлшектер бойынша бөлшектеу;

13) алынған құрауыштардың бастапқы тауардан айтарлықтай ерекшеленуіне соқтырмайтын құрауыштарға тауарларды бөлу;

14) алынған өнімнің бастапқы құрауыштардан айтарлықтай ерекшеленуіне соқтырмайтын тауарларды (құрауыштарды) араластыру;

15) мал сою, етті бөлшектеу (сұрыптау);

16) жоғарыда көрсетілген операциялардың екі немесе одан көп санын біріктіру тауарға Қазақстан Республикасында өндірілген деген мәртебе беру үшін оны жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу критерийлеріне жауап бермейтін шарттар болып табылады.

10. Егер адвалорлық үлес қағидасы қолданылған жағдайда, тауар өндірісінде адвалорлық үлесті есептеу:

1) импортталған тауарлар үшін – осы тауарларды түпкі өнім өндіру жүзеге асырылатын елге әкелу кезінде олардың кедендік құны бойынша немесе импортталған тауарлардың шығу тегі белгісіз болған жағдайда түпкі өнім өндіру жүзеге асырылатын елдің аумағына оларды алғаш рет сатудың құжат арқылы расталған бағасы бойынша;

2) түпкі өнім үшін – сатушы зауыттың (қойманың) тауарды тиеуге, кедендік декларациялауға және экспорт елінен тауарды әкетуге арналған шығыстарды қамтымайтын бағасы ("франко-зауыт" жағдайларындағы баға) бойынша жүргізіледі.

11. Егер өндірістік немесе көліктік жағдайлар бойынша оларды бір лекпен түсіру мүмкін болмаса, сондай-ақ тауарлар легі қателік немесе мекенжайын дұрыс көрсетпеу салдарынан бірнеше лекке бөлінген жағдайларда, шығарылған елін анықтау кезінде бірнеше лекпен жеткізілетін бөлшектелген немесе құрастырылмаған түрдегі тауарлар декларанттың қалауы бойынша біртұтас тауар ретінде қаралады.

Осы тармақтың ережелері мына шарттар сақталған кезде пайданылады:

1) мұндай жеткізудің себептерін көрсетіп, лек-легімен жеткізілетін бөлшектелген немесе құрастырылмаған түрдегі тауарлар туралы кеден органын алдын ала хабардар ету және СЭҚ ТН бойынша тауарлардың кодтарын, әр лекке кіретін тауарлардың құны мен шығарылған елін көрсетіп, әр лектің сипаттамасын табыс ету. Қателік немесе мекенжайын дұрыс көрсетпеу салдарынан тауар бірнеше лекке бөлінген жағдайда тауарды бөлудің қате екенін құжатпен растау қосымша табыс етіледі;

2) тауарлардың барлық легін бір елден бір келісімшарт шеңберінде бір экспорттаушының (өнім берушінің) беруі; тауарлардың барлық легін сол бір кеден арқылы әкелу және рәсімдеу;

3) тауарлардың барлық легін кедендік декларация қабылданған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде беру.

12. Тауарлардың шығарылған елін айқындау кезінде оларды өндіру үшін пайдаланылатын жылу және электр энергиясының, машиналардың, жабдықтар мен аспаптардың шығу тегі есепке алынбайды.

Машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен пайдалануға арналған құрал-саймандар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер мен аспаптар, егер бұл құрал-саймандар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер мен аспаптар жоғарыда аталған машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен жиынтықта және әдетте, осындай құрылғылармен жеткізілетін мөлшерде әкелінсе және сатылса, сол машиналар, жабдықтар, аппараттар немесе көлік құралдары әкелінген елде шығарылған деп есептеледі.

13. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Халықаралық келісім/шартқа қатысушы мемлекеттер шеңберінде тауарларды қайта экспорттау кезінде халықаралық келісімде / шартта көзделген шарттарды сақтай отырып, ауыстыру куәліктерін беруге болады.

Халықаралық шартта/келісімде көзделген шарттар орындалмаған жағдайда немесе халықаралық келісім/келісімшарт болмаған жағдайда, өтініш берушінің

өтініші бойынша тауардың шығу тегі туралы "Түпнұсқа" жалпы үлгідегі сертификатын беруге болады.

Ауыстыру сертификаттарын беру кезінде осы өнімнің шыққан елін өзгертуге жол берілмейді.

Тауарлардың шығарылуы туралы ауыстыру сертификаттарын беру кезінде уәкілетті ұйымға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 257 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9665 болып тіркелген) бекітілген тізбе (бұдан әрі – Тізбе) бойынша тауардың шығарылуын растайтын құжаттар ұсынылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Осы Қағидалардың 24-тармағының үшінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес өтінім негізінде беру, тіркелген күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылатын және Тізбе бойынша тауардың шығарылуын растайтын құжаттардың толық топтамасын ұсынатын жағдайды қоспағанда, тауардың шығу тегі туралы сертификат беру тіркелген күннен кейінгі келесі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. 10.07.2021 дейін қолданыста болды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 04.11.2020 № 247-НҚ бұйрығымен.

24. 10.07.2021 дейін қолданыста болды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 04.11.2020 № 247-НҚ бұйрығымен.

25. 10.07.2021 дейін қолданыста болды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 04.11.2020 № 247-НҚ бұйрығымен.

26. Тауардың шығу тегі туралы сертификаты жоғары дәрежелі бланкттерде ресімделеді. Сертификаттың түпнұсқасы мен бір көшірмесі өтініш берушіге беріледі, ал екінші көшірмесі тауардың шығу тегі туралы сертификат берген уәкілетті ұйымында сақталады.

27. Тауардың шығу тегі туралы сертификатты уәкілетті ұйым береді.

Бір келісімшарттың шеңберінде тауарды бірнеше мәрте жеткізу кезінде бір мезгілде түпнұсқасы тауардың барлық келісімшарттық легіне немесе сериялы өндіріс тауарларына ресімделген және экспорттаушы бірінші жөнелтілімде ұсынатын уәкілетті адамының қорытындының көшірмесімен жөнелтілетін

тауардың әрбір партиясына тауардың шығу тегі туралы сертификат беруге рұқсат етіледі.

Тауардың шығу тегі сертификатын алуға арналған өтініште өтініш беруші жөнелтілетін тауар партиясы өндіріс технологиясының және құрамдауыштарының өзгеріске ұшырамағанын, сондай-ақ осы тауардың материалдарын жеткізуші елді өз қолымен растайды.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. 10.07.2021 дейін қолданыста болды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 04.11.2020 № 247-НҚ бұйрығымен.

29. Егер онда тазартып өшірулер, түзетілген жерлері, расталмаған түзетулер болса, қажетті қолдар және (немесе) мөрлер болмаса, тауардың шығу тегі туралы сертификат жарамсыз болып саналады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.10.2018 № 711 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Ресімделген сертификаттар өтініш берушіге тауардың шығу тегі туралы берілген сертификаттарды тіркеу журналына қолын қойғызып беріледі.

31. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды өзге тұлғаларға беруге жол берілмейді.

32. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың көшірмелерімен беруге негіз болған құжаттар уәкілетті ұйымында тауардың шығу тегі туралы сертификат берілген күннен бастап кемінде үш жыл сақталады.

33. Тауар шығарылған елде "СТ-1" нысанындағы сертификаттың көшірмесі болса, 1994 жылғы немесе 2009 жылғы Келісімге қатысушы мемлекеттер шеңберінде тауарларды кері экспорттау кезінде алмастырушы сертификат берілуі мүмкін.

1994 жылғы немесе 2009 жылғы Келісімге қатысушы мемлекеттер шеңберінде тауарларды 1994 жылғы немесе 2009 жылғы Келісімге қатысушы мемлекеттер шеңберінде өңдеуге/қайта өңдеуге тартылмаған тауарлар кері экспортталған жағдайда, тауардың және оның орамының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ сату мен тасымалдауға дайындау жөніндегі операцияларды қоспағанда, "СТ-1" нысанындағы сертификаттар берілуі мүмкін.

Бұл ретте сертификаттың сәйкестік бағанына мынадай жазба енгізіледі: "Сертификат "СТ-1" нысанындағы сертификат негізінде берілген".

Сертификат тауарды шығарушы туралы (атауын, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының республикасы мен пошталық мекенжайын көрсете

отырып) және тауардың дайындалған жылын растаушы құжаттар ұсынылған жағдайда берілуі мүмкін.

33-1. 10.07.2021 дейін қолданыста болды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 04.11.2020 № 247-НҚ бұйрығымен.

33-2. 10.07.2021 дейін қолданыста болды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 04.11.2020 № 247-НҚ бұйрығымен.

3. Ішкі айналым үшін тауардың шығарылған елін айқындау және тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру тәртібі

34. Тауардың шығарылған елін айқындау үшін, тауардың:

- 1) толығымен Қазақстанда шығарылғаны;
- 2) жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу критерийлерін ескере отырып, Қазақстанда шығарылғаны белгіленуге тиіс.

35. Толығымен Қазақстан Республикасында шығарылды деп саналатын тауарларды айқындау осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес жүргізіледі.

36. Ішкі айналымға арналған Қазақстанда шығарылған тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемшарттары:

- 1) тауарды қайта өңдеу нәтижесінде СЭҚ ТН бойынша тауар кодының кез келген алғашқы төрт белгі деңгейінде өзгеруі;
- 2) осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген үшінші елдің тауарын өндірісте пайдалану кезінде тауарға шығу тегі мәртебесін беру үшін қажетті шарттарды, өндірістік және технологиялық операцияларды орындау;
- 3) осы Қағидалардың 38-тармағының талаптары ескеріліп тауардың бағасындағы жергілікті қамту үлесі "франко-зауыт" бағасы шарттарымен дайын тауар құнынан кемінде 50 пайызды құраған кезде тауар құнының өзгеруі болып табылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.08.2016 № 632 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу негізгі өлшемі тауарды қайта өңдеу нәтижесінде СЭҚ ТН бойынша тауар кодының кез келген алғашқы төрт белгі деңгейінде өзгеруі болып табылады.

СЭҚ ТН бойынша тауар кодын тауарды қайта өңдеу нәтижесінде болған алғашқы төрт белгінің кез келгенінің деңгейінде өзгерту өлшемшарты осы Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген шарттардың бірі ретінде адвалорлық үлес ережесі дербес те, тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеудің басқа өлшемшарттарымен үйлестіріліп те енгізілген үшінші елдердің тауарларын

өндірісте пайдаланған кезде тауарға шығу тегі мәртебесін беру үшін қажетті шарттардың, өндірістік және технологиялық операциялардың тізбесіне енгізілген тауарларға қолданылмайды.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.08.2016 № 632 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37-1. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға енгізілмеген тауар үшін және осы Қағидалардың 36-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тауарды жеткілікті қайта өңдеудің негізгі өлшемшарттарын қайта өңдеуге (өңдеуге) сәйкес келмеген жағдайда, еркін қоймалар мен арнайы экономикалық аймақтардан Қазақстан Республикасының қалған аумағына шығарылатын тауарлардан басқа, осы Қағидалардың 36-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жеткілікті қайта өңдеу (өңдеу) өлшемшарттары қолданылады.

Ескерту. 3-тарау 37-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.08.2016 № 632 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу критерийлеріне сай келмейтін шарттар осы Қағидалардың 9-тармағында белгіленген.

39. Егер адвалорлық үлес қағидасы қолданылған жағдайда, тауарды өндірудегі адвалорлық үлес есептемесі осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Тауарды өндірудегі адвалорлық үлес есептемесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес формула бойынша жүргізіледі.

40. Бөлшектенген немесе құрастырылмаған түрде жеткізілетін тауарлардың шығарылған елін айқындау осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес жүргізіледі.

41. Ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған елін айқындау ерекшеліктері осы Қағидалардың 12-тармағының талаптары ескеріліп көзделеді.

Толығымен Қазақстанда өндірілген тауарлардың жергілікті қамту үлесі жүз пайызды құрайды. Осы тауардан ажырағысыз буып-түюдің жергілікті қамту үлесін есептеу жүргізілмейді.

42. Тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сараптамаға байланысты жұмыстар шарттық негізде және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес өтінім мен осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес өтініш беруші ұсынған құжаттар негізінде жүргізіледі.

43. Тауардың шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор осы Қағидалардың 44-тармағының талаптары сақталған жағдайда, осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасы бар өтінім ұсынылған және тіркелген кезден бастап екі жұмыс күні ішінде тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сараптаманы жүзеге асырады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Тауардың шығу тегіне сараптама:

1) осы Қағидалардың 45-тармағына сәйкес ұсынылған тауарлардың шыққан жерін растайтын құжаттарға сараптама жүргізуді;

2) қызметкерлер тізімінің Өткен тоқсандағы жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияларға (200.00-нысан) немесе алдыңғы жартыжылдықтағы шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін оңайлатылған декларацияларға (910.00-нысан) сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруды қамтиды.

Мәліметтер сәйкес келмеген жағдайда өтініш беруші Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 4-тарауына сәйкес ресімделген және қызметкерлердің тізімін нақты растайтын еңбек шарттарын ұсынады.

Егер өтініш беруші қызметті мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап қызметті оңайлатылған тәртіппен жүзеге асыратын болса, қызметкерлердің тізімін нақты растау үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 38-тарауына сәйкес соңғы үш айда қызметкерлердің кірістерінен міндетті төлемдер төлеу туралы құжаттар ұсынылады.

Осы тармақшаның талаптары ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды;

3) тауарларды сыртқы белгілері, таңбалануы (атауы, түрі, буып-түюі, сыныбы, дайындаушы кәсіпорын) бойынша сәйкестендіру тауардың және оның өндірілген жерінің фототүсірілімін өндірістің орналасқан жеріне барып жүзеге асыру.

4) тауарды жеткілікті қайта өңдеу өлшемшарттарын белгілеу және тауардың қосылған құнын айқындау мақсатында тауарды өндіру кезінде технологиялық процесті сараптау;

5) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес формула бойынша жергілікті қамту үлесін есептеу;

6) СЭҚ ТН және СЭҚ ӨЖ тауарлардың жіктеуішке сәйкес келуін тексеру.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Тауардың шығу тегіне сараптама жүргізу үшін тауардың шығу тегіне сараптама жасауға өтінішпен бірге ішкі айналымға мынадай құжаттар ұсынылады:

1) өтінім берушінің заңды мәртебесін растайтын құжаттар (заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, заңды

тұлғаның филиалын немесе өкілдігін мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, заңды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін мемлекеттік тіркеу туралы ереже, жеке кәсіпкерлер үшін – жеке кәсіпкердің тіркеу құжаты) жылына 1 рет ұсынылады;

2) тауарды сатып алуды растайтын құжаттар (егер өтініш беруші мәлімделген тауарды өндіруші болып табылмаған жағдайда) - тауарды өндірушімен немесе тауарды сатып алуға арналған шарт, жүкқұжаттар, шот-фактуралар;

3) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес рұқсат немесе хабарлама;

4) экспортқа рұқсат беру құжаттарын қоспағанда, Тізбенің 3-тармағының 2), 3) 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21) и 22) тармақшаларына сәйкес тауардың Қазақстан Республикасында толық өндірілгенін растайтын құжаттар (егер тауар Қазақстан Республикасында толық өндірілген жағдайда);

5) тауарларды жеткілікті өңдеу өлшемшарттарын айқындауға арналған құжаттар (тауарды өндіруде пайдаланылатын шикізаттың және (немесе) компоненттердің құнын растау үшін, шикізатты жеткізуге арналған шарттар және (немесе) шот-фактуралар және (немесе) жүкқұжаттар, технологиялық операциялардың сипаттамасы бар, соған сәйкес тауар өндірілген нормативтік техникалық құжаттар тізбесі қоса берілген құжаттама, мәлімделген тауарды өндіруге арналған жабдықтар тізбесі, өндірістік үй-жайға арналған құжаттар, жұмыскерлердің тізімі, шетелде шығарылған пайдаланылатын шикізаттың немесе құрамдауыштың құнын ескере отырып, тауардың өзіндік құнын есептеу);

Шикізаттың немесе компоненттердің шыққан жерін растайтын құжаттар болмаған жағдайда, бұл шикізаттар және (немесе) компоненттер шетелде шығарылған болып есептеледі;

6) мемлекеттік тілде өтінім берілген өнім атауларының тізбесі;

7) қойманың мекенжайы көрсетілген қоймадағы тауардың бар-жоғы және саны туралы қойма анықтамасы немесе сериялы өндірілген тауарды шығарудың жоспарланған жылдық көлемі туралы анықтама;

8) өтініш берушінің мүдделерін білдіруге арналған сенімхат;

9) өсімдік шаруашылығы өнімдері үшін: көрсетілген аумақта өнімнің мәлімделген партиясын өсіру туралы Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінің жергілікті атқарушы органының растау анықтамасы;

10) өткен тоқсандағы жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша Өткен тоқсандағы жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация (200.00-нысан), алдыңғы жартыжылдық үшін шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін оңайлатылған декларация (910.00-нысан) және (немесе) еңбек

шарттары, соңғы үш айдағы қызметкерлердің табыстарынан міндетті төлемдерді төлеу туралы құжаттар (осы Қағидалардың 44-тармағы 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында көзделген жағдайларда).

Осы тармақшаның талаптары ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін тауардың тұрған жеріне шығу кезінде оның өндірісін қарау кезінде таныстыруға конструкторлық құжаттама немесе көлік құралының типін, шассиді (көлік құралдарын, шассиді өндіру үшін) мақұлдау немесе техникалық құжаттама (медициналық бұйымдар үшін) немесе рецептура немесе құрам (тамақ немесе химиялық өнімді өндіру және (немесе) дайындау үшін) ұсынылады. Осы абзацтың талабы "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-тарауына және "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын немесе қорғалатын құпияға жататын құжаттамаға қолданылмайды.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Сериялы өндіріс тауарының шығу тегіне сараптама жүргізу кезінде өндірісте пайдаланылатын шикізатқа және (немесе) компоненттерге жүкқұжаттар мен шот-фактуралар, сондай-ақ қоймалық анықтама және тауарды суретке түсіру талап етілмейді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Егер қосымша зерттеулер жүргізу қажет болса және тауарларды сыртқы белгілермен сәйкестендіру мүмкін болмаса, тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор сұратады:

1) өндірісте қолданылатын шикізатты, материалдарды, компоненттерді және (немесе) олардың шыққан жерін куәландыратын құжаттарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін құжаттар;

2) егер тауарды зертханалық сынақтарсыз (өлшемдерсіз) сәйкестендіру мүмкін болмаса, аккредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары) берген сынақ хаттамалары.

Сұратылған құжаттар ұсынылмаған жағдайда, сондай-ақ тауардың шыққан жерін растайтын мәліметтер жеткіліксіз болса, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор құжаттарды өтініш берушіге қайтарады, ал тауардың шығарылған елін айқындау сараптамасы шарттың талаптарына сәйкес аяқталады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Сараптама нәтижелері бойынша сараптама ұйымы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ішкі айналым үшін тауардың шыққан жері туралы сараптама актісін куәландырады және береді:

- 1) толығымен Қазақстанда шығарылған;
- 2) тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемшарттарын ескере отырып, Қазақстанда шығарылған.
- 3) шетелде шыққан.

Құжаттар пакеті толық ұсынылмаған жағдайда, сондай-ақ тауар шығарылған елдің өлшемін растау үшін мәліметтер жеткіліксіз болған кезде тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор өтініш берушіге құжаттарды пысықтауға қайтарады. Бұл жағдайда тауардың шығу тегіне сараптама жүргізу мерзімі тиісті құжаттар ұсынылғанға дейін ұзартылады.

Пысықталған құжаттар пакеті мен оларға өтінімнің нақты жіберілген күні пысықталған құжаттармен өтінім берілген күн болып есептеледі.

Өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тарауында көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынудан бас тартқан жағдайда, шарт талаптарына сәйкес тауар шығарылған елді айқындау сараптамасы аяқталады.

Ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің қолданылу мерзімі он екі айды құрайды.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. СЭҚ ТН ұқсас тауар позициясының шегінде тауарды сериялы өндіруді жүзеге асыратын өтініш берушілер үшін сериялы өндіріс тауарының шығу тегіне бір жылдан астам сараптама жүргізу кезінде сериялы өндіріс тауарының шығу тегі туралы сараптама актісінің қолданылу мерзімі он екі айды құрайды. Тауардың сериялық өндірісін бір жылдан астам жүзеге асырғанын растау үшін бұрын сериялық өндірістің "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатты он екі айға алған өтініш беруші осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша шикізат (материалдар) жеткізушісі елінің өзгермейтіндігін дәлелдейтін, сондай-ақ оның қолданылу кезеңінде пайдаланылған шикізат пен компоненттердің құны (шот-фактура, шот-фактура) құжаттарды ұсынады.

Он екі ай қолданылу мерзіміне сериялы өндіріс тауарының шығу тегі туралы сараптама актісін алуға алғаш рет жүгінген өтініш беруші тіркеу куәлігін ұсынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндірушілерді,

сондай-ақ халықтың аз ұтқыр топтары үшін лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, көтергіштерді қоспағанда, СЭҚ ТН ұқсас тауар позициясы шегінде бір жылдан астам тауар партиясына өзі бұрын алған "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді ұсынады.

Үш жылдан астам уақыт ішінде СЭҚ ТН -нің бірдей тауарлық позициясы шеңберінде тауарларды сериялы өндіруді жүзеге асыратын өтінім берушілер үшін партиялық өндірістің шығу тегі туралы сараптама куәлігінің қолданылуы отыз алты айды құрайды. Үш жылдан астам уақыт бойы тауарларды сериялық өндірудің жүзеге асырылуын растау үшін өтінім беруші осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа соңғы үш жыл ішіндегі, бұрын берілген "СТ-KZ" сертификатын ұсынатын дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндірушілерді қоспағанда, отыз алты айға берілетін сериялық өндірістің "СТ-KZ" нысанындағы тауарлардың шығу сертификаты оның "СТ-KZ" тауарларының шыққан тегі туралы сертификаттарын жыл сайын алғандығы туралы ақпарат ұсынады.

Сериялы өндіріс тауарының шығу тегі туралы сараптама актісінен бұрын сериялы өндіріс "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат алмаған өтініш берушіге отыз алты айға берілмейді.

Сериялы өндіріс тауарының шығу тегі туралы сараптама актісін беру кезінде күші жойылған "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттар жөніндегі мәліметтер қаралмайды.

Тауарды өндіру технологиясы, шикізатты (материалдарды) беруші ел, сондай-ақ мәлімделген тауардың шығарылған еліне әсер ететін шикізат пен компоненттердің құны өзгерген жағдайларда, өтініш беруші он жұмыс күні ішінде тауардың шығу тегі туралы жаңа сараптама актісін және ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатты алу мақсатында осы өзгерістер туралы сараптама ұйымына хабарлайды.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 116 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10513 болып тіркелген) сәйкестікті растау, тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға рұқсат беру талаптарына

сәйкес біліктілік аттестатын алған, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор), ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сараптама жүргізеді және сараптама актісіне қол қояды.

Тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың тізілімі мен сараптама ұйымдарының тізбесі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін алу үшін сараптама ұйымын таңдауды өтініш беруші дербес жүзеге асырады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Толығымен Қазақстанда шығарылған тауарлардан (шикізаттан, материалдардан, өнімнен) шығарылған тауардың шығу тегін белгілеу кезінде тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінде мыналарды көрсету қажет:

1) осы тауарды шығарудың технологиялық процесі (нормативтік құжат, технологиялық нұсқаулар);

2) тауарды өндіру кезінде пайдаланылған шикізатты, материалдарды және құрамдауыштарды жеткізушілер;

3) сатып алынған шикізат пен құрамдауыштарға ақы төлеу туралы құжаттардың болуы (атауы, нөмірі).

52. "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу алдында уәкілетті тұлға еркін нысанда тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу туралы қорытынды жасайды. Бұл үшін осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген өтініш беруші ұсынған құжаттарға талдау және осы Қағидалардың талаптарын сақтау тұрғысынан ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сараптама актісіне талдау жүргізіледі.

Бұл жағдайда талдау:

1) өтініш беруші ұсынған құжаттардың осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген тізімге сәйкестігін тексеруді;

2) осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес ішкі айналымға арналған тауарлардың шығарылған елін айқындау мәніне сараптама актісін тексеруді қамтиды.

Ішкі өтініш үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатты немесе оны беруден бас тарту туралы жазбаша дәлелді шешімді беру мерзімі өтінім уәкілетті ұйымда тіркелген күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен аспайды. Тауардың шығу тегі туралы сертификатты беруден бас тарту туралы дәлелді шешім уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда беріледі.

Шығарылуы алғаш рет жүзеге асырылатын тауар позицияларына өтінім берген не негізгі жабдық тізбесі өзгерген жағдайда, сондай-ақ технологиялық

операциялар өзгерген кезде уәкілетті тұлға өндірістік базаны, технологиялық жабдықты тексеру және тауардың сыртқы белгілері, таңбалануы (атауы, типі, буып-түюі, сыныбы, дайындаушы кәсіпорын) бойынша сәйкестендірілуі үшін мәлімделген тауар өндірісінің орналасқан жеріне баруды жүзеге асырады). Мұндай жағдайда ішкі өтініш үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатты немесе оны беруден бас тарту туралы жазбаша дәлелді шешімді беру мерзімі өтінім уәкілетті ұйымда тіркелген күннен кейінгі 4 (төрт) жұмыс күнінен аспайды.

Мәлімделген тауар өндірісінің орналасқан жеріне шыққан кезде уәкілетті тұлға осы Қағидалардың 45-тармағының он төртінші абзацында көрсетілген құжаттармен танысады.

Тауарларға "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат уәкілетті ұйыммен ресімделеді, куәландырылады және беріледі:

1) тауарды жеткілікті қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес жеткілікті қайта өңдеуге ұшыраған және арнайы экономикалық аймақтардың аумағынан және еркін қоймалардан Қазақстан Республикасы аумағының қалған бөлігіне әкетілетін тауарлар;

2) Қазақстан Республикасының аумағында тауарды жеткілікті қайта өңдеу өлшемшарттарына сәйкес өндірілген немесе жеткілікті қайта өңдеуге ұшыраған және Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін тауарлар.

"СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы бланк нысаны Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 6 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10235 болып тіркелген) бекітілген.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Тауарды арнайы экономикалық аймақтардың аумағынан және еркін қоймалардан Қазақстан Республикасы аумағының қалған бөлігіне әкелу және (немесе) тауарды Қазақстан Республикасының аумағында өткізу кезінде "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат тауарды жеткізуге немесе сериялық өндіруге ресімделеді және өндірушіге немесе ол уәкілеттік берген тұлғаға беріледі.

Еркін қойма аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағында еркін қойма иесі өткізетін тауарларға сериялық өндіріске берілген тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің қолданылу мерзімі ішінде "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы бірнеше сертификатты ресімдеуге жол беріледі.

Сериялық өндіріске сараптама актісінің негізінде берілген шығу тегі туралы сертификаттардағы тауардың жалпы санын сараптама актісінде көрсетілген тауардың жылдық көлемінен асыруға болмайды.

Тауардың бірегей нөмірін қамтитын жүкқұжат "СТ-KZ" нысанындағы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылады, оны өндіруші әкелінетін тауардың әрбір партиясына ресімдейді және мемлекеттік кіріс органы сұрау салған жағдайда ғана ұсынуға жатады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Сериялық өндірілген тауарлар үшін "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат сериялық өндіріс тауарын өндіруші болып табылатын өтініш берушіге тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің қолданылу мерзіміне және тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінде көрсетілген тауар көлеміне беріледі. Сериялық өндіріске ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатта тауарды шығарудың жылдық көлемі көрсетіледі.

Өтініш беруші Қағидалардың 49-тармағы алтыншы бөлігінің талаптарын сақтамағаны анықталған жағдайда уәкілетті ұйымның аумақтық бөлімшесі осы Қағидалардың 62-тармағының 7) тармақшасына сәйкес шешім қабылдайды.

Егер отыз алты айға берілген сериялы өндірістің "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат берілген күннен бастап күнтізбелік алпыс күн өткеннен кейін немесе жиырма төрт айдан кейін уәкілетті ұйымның аумақтық бөлімшесіне сараптама ұйымынан осы тармақта көзделген қорытынды мен құжаттар келіп түспесе, осындай тауардың шығу тегі туралы сертификаттың қолданылуы осы Қағидалардың 62-тармағының 8) тармақшасына сәйкес күшін жояды.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы Сертификат ресімделеді, куәландырылады және мыналардың негізінде беріледі:

1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес электрондық нысанда ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатты алуға арналған өтінімдер уәкілетті ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы өндіріс орналасқан жердегі уәкілетті ұйымның аумақтық бөлімшесіне;

2) 53-тармақтың екінші абзацында көзделген жағдайларды қоспағанда, ішкі айналымға шығарылған тауарлардың шығу тегі туралы сараптама куәлігі, жасалған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей ұсынылады;

3) өтінішке қоса берілген және өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, осы Қағидалардың 45-тармағына сәйкес олардың электрондық көшірмелері түріндегі құжаттар.

"СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат уәкілетті ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы электронды түрде беріледі. Өтініш берушінің өтініші бойынша уәкілетті ұйымның мөрімен және уәкілетті тұлғаның қолымен расталған қағаз түрінде "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат берілуі мүмкін.

Егер өтініш беруші өндірісінің орналасқан жерінен уәкілетті ұйымның тиісті аумақтық бөлімшесіне дейінгі қашықтық уәкілетті ұйымның басқа аумақтық бөлімшесіне дейінгі қашықтықтан екі есе мөлшерде асып кетсе, онда өтініш берушіге уәкілетті ұйымның жақын маңдағы аумақтық бөлімшесіне өтінім және оған қоса берілген құжаттарды беруге жол беріледі.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат осы Қағидаларға 10-қосымшаға тәртіпке сәйкес толтырылады.

57. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.10.2018 № 711 (01.04.2019 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

58. Уәкілетті ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы:

1) өтінім және осы Қағидалардың 45 және 47-тармақтарында көзделген және өтініш берушінің ішкі айналым үшін тауардың шығу тегіне сараптама жүргізуге электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық нысандағы құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылады;

2) ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сараптама актісі ресімделеді және оған тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудитордың электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады, ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сараптама актісі;

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (01.08.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Егер онда тазартып өшірулер, түзетілген жерлері болса, қажетті қолдар болмаса, тауардың шығу тегі туралы сертификат жарамсыз болып саналады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.10.2018 № 711 (01.04.2019 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

60. "СТ-KZ" нысанындағы тауарлардың шығу тегі туралы сертификат және олардың негізінде берілген құжаттар уәкілетті ұйымда сертификат берілген күннен бастап кемінде үш жыл бойы сақталады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.10.2018 № 711 (01.04.2019 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

61. "СТ-KZ" нысанындағы тауардың ішкі айналымы үшін тауардың шығу тегі туралы сертификаттың қолданылу мерзімі ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің қолданылу мерзіміне байланысты берілген күннен бастап он екі немесе отыз алты айды құрайды.

"СТ-KZ" нысанындағы тауарлардың шығу тегі туралы сертификат онда көрсетілген тауарлар санына қолданылады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың қолданысын жою тәртібі

62. "СТ-KZ" нысанындағы тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттың қолданысын ауыстыру уәкілетті ұйымның шешімімен мына жағдайларда/ негізінде қабылданады:

1) өтініш берушінің "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген өндірістің тоқтатылуына немесе дайындаушы кәсіпорын қызметінің тоқтатылуына байланысты жүгінуі;

2) осы өзгерістерді растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тауардың шығу тегі туралы сертификаттың бағандарында қамтылған мәліметтердің өзгергені туралы өтініш берушінің өтініші;

3) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабы 5-1) тармағына сәйкес шығарылған уәкілетті органның нұсқаулары;

4) ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатты алу кезінде ұсынылатын, өтініш беруші ұсынған құжаттардың (мәліметтердің) анық еместігін анықтауға уәкілетті өзге мемлекеттік органдардың нұсқаулары (қаулылары);

5) ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатқа ішкі аудит нәтижелері бойынша осы Қағидалардың талаптарын бұзушылықтарды анықтау;

6) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 104-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, ішкі аудит жөніндегі комиссия мүшелерінің тауар өндірілген жерге фото және бейне тіркемесі бар қарап-тексеру жүргізу үшін кедергісіз кіруден бас тартуды ұсынады";

7) өтініш берушіге он жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 49-тармағының алтыншы бөлігінде көзделген өзгерістер туралы хабарламау;

8) сараптама ұйымынан уәкілетті ұйымға осы Қағидалардың 54-тармағында көзделген қорытындылар мен құжаттардың түспеуі.

Осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген өтініш берушінің өтініштері уәкілетті ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылады. Өтініш берушінің осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген, уәкілетті ұйым ішкі аудит жүргізу кезеңінде берген өтініштері қарауға қабылданбайды.

Ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатқа ішкі аудит жүргізу тәртібін уәкілетті ұйым айқындайды және уәкілетті ұйымның ресми интернет-ресурсында жариялануға тиіс. Ішкі аудитті жүргізу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Осы тармақтың 3), 4), 5) тармақшалары негізінде шешім қабылдау кезінде ішкі айналымға арналған тауардың шығарылуы туралы сертификаттың өлшемшарттарға және тауар шығарылған елге әсер еткен жағдайларда, ол берілген күннен бастап күші жойылады:

1) өтінімдегі және осы Қағидалардың 45-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардағы мәліметтерде бұрмалау және (немесе) дәйексіз фактілер анықталған кезде;

2) өтініш беруші іс жүзінде пайдаланатын жабдық және (немесе) өндірістің технологиялық процесі ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатты алу кезінде өзі мәлімдеген жабдыққа сәйкес келмеген кезде.

Қалған жағдайларда немесе негіздерде ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификаттың күшін жою туралы Уәкілетті ұйым шешім қабылдаған күннен бастап күші жойылады.

Осы тармақтың 7) тармақшасының негізінде шешім қабылдау кезінде ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификаттың күші жойылады және осы Қағидалардың 49-тармағына сәйкес шарттардың өзгерістері енгізілген күннен бастап жарамсыз деп танылады.

Осы тармақтың 8) тармақшасының негізінде шешім қабылдау кезінде отыз алты айға берілген сериялы өндірілген "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат осы Қағидалардың 54-тармағының он екі абзацына сәйкес күнтізбелік алпыс күн аяқталған күннен бастап күші жойылады және жарамсыз деп танылады.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Уәкілетті ұйым ішкі айналым үшін берілген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың тізілімінде "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың күшін жою туралы ақпаратты, оның күшін жою күні мен себебін және ол қай уақыттан бастап күшін жойды деп есептелетінін көрсетеді.

Осы Қағидалардың 62-тармағының 4), 5), 6) немесе 7) тармақшаларына сәйкес "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың қолданылуын жою туралы қабылданған шешім туралы уәкілетті ұйым уәкілетті органды осы шешім қабылданған күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде оның қабылдану себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде хабардар етеді.

Хабарламаға ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сараптама актісі және уәкілетті тұлғаның тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу туралы қорытындысы қоса беріледі.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.10.2018 № 711 (01.04.2019 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

65. "СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың күшін жою туралы Шешім қабылдаған жағдайда осы Қағидалардың 62-тармағының 2) тармақшасының негізінде жаңа сертификат осы өзгерістерді растайтын қажетті құжаттар болғанда ғана беріледі.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.10.2018 № 711 (01.04.2019 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

66. Осы Қағидалардың 62-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) немесе 8) тармақшалары негізінде ішкі айналымға арналған тауарлардың шығу тегі туралы сертификаттың күшін жою туралы шешім қабылданған жағдайда, уәкілетті ұйым мұндай шешім қабылданған күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде оны қабылдау себептерін көрсете отырып, өтініш берушіні жазбаша түрде хабардар етеді.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.10.2018 № 711 (01.04.2019 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

5. Қорытынды ережелер

68. Сертификат экспортты жүзеге асыру, сондай-ақ қателік, кездейсоқ жіберіп алу, ерекше мән-жайлар немесе техникалық себептер бойынша Қазақстан Республикасында сату үшін еркін қойма және арнайы экономикалық аймақтардан өндірілген тауарларды әкету сәтінде берілмеген жағдайда, тауардың шығу тегі туралы сертификат айрықша жағдайларда Қазақстан Республикасының қалған аумағына еркін қойма және арнайы экономикалық аймақтардан тауарларды әкеткеннен және өткізгеннен кейін беріледі.

69. Уәкілетті ұйым тауардың шығу тегі туралы сертификатты кейіннен, яғни (ретроспективті түрде), егер тауардың шығарылуы туралы сертификат осы тауар еркін қоймадан немесе арнайы экономикалық аймақтардан Қазақстан Республикасының қалған аумағына экспортталған немесе өткізілген кезде берілмеген жағдайда және өтініш берушінің тиісті өтінішіндегі мәліметтер осы Қағидалардың 24 немесе 45-тармақтарында көзделген құжаттардағы мәліметтерге сәйкес келетіндігін тексергеннен, сондай-ақ тауардың нақты тиелгенін растағаннан кейін ғана (Қазақстан Республикасы кеден органының "Шығаруға рұқсат етілген" деген белгісі бар кедендік декларация) береді.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1128 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12730 болып тіркелген) Отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларында, оларды ілгерілету бойынша шығындары ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлардың тізбесінде көзделген ерекше жағдайларда), бір келісімшарт шеңберінде жекелеген партиялармен жөнелтілген тауарларға ретроспективті түрде "Түпнұсқа" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы бір сертификат беруге жол беріледі. Бұл ретте, "Қызметтік белгілер үшін" деген 4-бағанда "Сертификат Қазақстан Республикасының аумағында қолдану үшін берілді" деген белгі енгізіледі.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Тауардың шығу тегі туралы сертификат күшін жойған немесе бүлінген жағдайда өтініш беруші тауардың шығу тегі туралы сертификатты берген уәкілетті ұйым сертификаттың нұсқасын беру туралы жазбаша нысандағы өтінішпен жүгінеді. Берілген телнұсқаны тіркеу нөмірі түпнұсқаның тіркеу нөміріне сәйкес келеді. Сертификаттың телнұсқасы түпнұсқа берілген мерзім өткенге дейін жарамды болады.

71. Уәкілетті ұйым өтініш берушіге бас тарту себептерін негіздей отырып, тауардың шығу тегі туралы сертификатты беруден бас тартады:

- 1) осы Қағидалардың 55-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынбау;
- 2) тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынбау;
- 3) осы Қағидалардың және (немесе) қолданыстағы (ратификацияланған) халықаралық келісімдердің/шарттардың талаптарына сәйкес келмеу;
- 4) шетелде шығарылған тауарға ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін ұсыну.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттың телнұсқасын немесе оны беруден бас тарту туралы жазбаша дәлелді шешімді беру мерзімі өтінімді уәкілетті ұйымда тіркеген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тауардың шығу тегі туралы сертификаттың телнұсқасы немесе оны беруден бас тарту туралы дәлелді шешім уәкілетті ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауардың шығарылған елін айқындау,
тауардың шығарылуы туралы
сертификат
беру және оның күшін жою жөніндегі
қағидаларға 1-қосымша

Қазақстан Республикасынан экспортталатын, Қазақстан Республикасынан кері экспортталатын тауардың шығу тегіне сараптама жүргізуге арналған өтінім

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауардың шығарылған елін айқындау,
тауардың шығарылуы туралы
сертификат
беру және оның күшін жою жөніндегі
қағидаларға 2-қосымша

Қазақстан Республикасынан экспортталатын, Қазақстан Республикасынан кері экспортталатын тауардың шығу тегі туралы № _____ сараптама актісі

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауардың шығарылған
елін айқындау, тауардың
шығарылуы туралы сертификат
беру және қолданысын жою
жөніндегі қағидаларға
3-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасынан экспортталатын, Қазақстан Республикасынан кері экспортталатын тауардың шығу тегі туралы сертификатты алуға арналған өтінім

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

3-қосымша 10.07.2021 дейін қолданыста болды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 04.11.2020 № 247-НҚ бұйрығымен.

Тауардың шығарылған елін айқындау,
тауардың шығарылуы туралы
сертификат
беру және оның күшін жою жөніндегі
қағидаларға 4-қосымша

Өндірісте үшінші елдердің тауарын пайдалану кезінде тауарға шығу тегі мәртебесін беру үшін қажетті шарттардың, өндірістік және технологиялық операциялардың тізбесі

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.08.2016 № 632 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.02.2018 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.10.2018 № 711 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.09.2020 № 198-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2021 № 249-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

КО СЭҚ ТН коды	Тауардың атауы	Өндірісте үшінші елдердің тауарын пайдалану кезінде тауарға шығу тегі мәртебесін беру үшін қажетті шарттар, өндірістік және технологиялық операциялар
1	2	3
0201	Ірі кара малдың еті, жас немесе тоңазытылған	0202 позициясындағы ірі кара малдың мұздатылған етінен басқа, кез келген позициялардың материалдарынан дайындау
0202	Ірі кара малдың еті, мұздатылған	0201 позициясындағы жас немесе тоңазытылған ірі кара малдың етінен басқа, кез келген позициялардың материалдарынан дайындау
0206	Ірі кара малдың, шошқаның, қойдың, ешкінің, жылқының, есектің, қашырдың немесе лошактың тағамдық қосалқы өнімдері, жас, тоңазытылған немесе мұздатылған	0201-0205 позицияларындағы сүйек қаңқаларынан басқа, кез келген позициялардың материалдарынан дайындау
0207	0105 тауар позициясында көрсетілген үй құсының еті	

	және тағамдық қосалқы өнімдері, жас, тоңазытылған немесе мұздатылған	Қайта өңдеу технологиясына сәйкес мамандандырылған өндіріс жағдайында кез келген позициялардың материалдарынан дайындау
0210	Тұздалған, тұзды судағы, кептірілген немесе ысталған ет және тағамдық қосымша ет өнімдері; еттен немесе қосымша ет өнімдерінен жасалған майда және ірі тартылған тағамдық ұн	0201-0206 және 0208 позицияларындағы еттен және тағамдық қосымша ет өнімдерінен немесе 0207 позициясындағы құстардың бауырынан басқа, кез келген позициялардың материалдарынан дайындау
0402	Қоюлатылған немесе қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылған сүт және кілегей	Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда дайын өнімдікіндей позицияда пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 40 %-ынан аспауға тиіс
0408	Құстардың қабықсыз жұмыртқалары мен сары уыздары, жас, кептірілген, бұға немесе қайнаған суға пісірілген, пішінделген, мұздатылған немесе қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылған немесе қосылмаған басқа да тәсілмен консервіленген	0407 позициясындағы құстардың жұмыртқаларын қоспағанда, кез келген позициялардың материалдарынан дайындау
0506	Өңделмеген, майсыздандырылған, бастапқы өңдеуге ұшыраған (пішінделмеген), қышқылмен өңделген немесе желатинсіздендірілген сүйектер мен мүйіз өзегі; осы өнімдердің ұнтақтары және қалдықтары	Дайындау, ол кезде 02-топтың материалдары пайдаланылады
0710 40 000 0	Қант жүгерісі (шикі немесе суға немесе бұға пісірілген), мұздатылған	Жаңа піскен немесе тоңазытылған қант жүгерісінен дайындау
0711 90 300 0	Қысқа мерзімге сақтау үшін консервіленген, бірақ мұндай түрде тікелей тамаққа пайдалану үшін жарамсыз қант жүгерісі	Жаңа піскен немесе тоңазытылған қант жүгерісінен дайындау
0901	Қуырылған немесе қуырылмаған, кофеинмен немесе кофеинсіз кофе; кофе қауызы және кофе дәнінің қабықтары; кез келген үлесте кофесі бар кофені алмастырғыштар	Рецептура жасау және қуыру жөніндегі технологиялық операциялардың орындалу шартымен кез келген позициялардың материалдарынан дайындау
0902		Рецептура мен аралас қоспаны жасау жөніндегі технологиялық операциялардың орындалу шарттарымен

	Дәмдік-хош иісті қоспалары бар немесе оларсыз шай	0902 позициясындағы материалдардан дайындау, алайда, барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс
1106 10 000 0	0713 тауар позициясындағы кептірілген бұршақ көкөністерінен жасалған майда және ірі тартылған ұн	Барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ын аспауға тиіс, кез келген позициялардағы материалдардан дайындау
1301	Табиғи тазартылмаған малшайыр; табиғи камедтер, шайырлар, гуммишайырлар мен сығындылары (мысалы, бальзамдар)	1301 позициясындағы пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс, кез келген позициялардағы материалдардан дайындау
1501	Шошқаның тоң майы (қорытылған шошқа майын қоса алғанда) және 0209 немесе 1503 тауар позицияларының тоң майларынан басқа үй құсының тоң майы	0203, 0206 немесе 0207, немесе 0506 позицияларындағы материалдарды қоспағанда, кез келген позициядағы материалдардан дайындау; 0203 немесе 0206 позициялардағы еттен немесе шошқаның қосымша өнімдерінен немесе 0207 позициясындағы еттен не құстардың қосымша өнімдерінен дайындау
1502	1503 тауар позициясындағы тоң майынан басқа ірі қара малдың, қойдың немесе ешкінің тоң майы	0201, 0202, 0204 немесе 0206, немесе 0506 позицияларындағы материалдарды қоспағанда, кез келген позицияның материалдарынан дайындау
1504-1506 000 00 0	Тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген балықтың немесе теңіз сүт қоректілерінің тоң майлары, майлары және олардың фракциялары, тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген өзге де жануарлардың тоң майлары, майлары және олардың фракциялары	Мынадай технологиялық операцияларды орындау шарттары кезінде кез келген позициялардың материалдарынан дайындау: қорыту; булау; тазалау
1507-1515	Тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген қытай бұршағының майлары және оның фракциялары, - тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген өзге де өсімдіктен алынған ұшпайтын майлар және майлар (жожоба майын қоса алғанда) және оның өлшемдері	Тұндыру, сүзгіден өткізу; үйірткілеу; ыстық сумен немесе бумен өңдеу; сілтімен бейтараптандыру; вакуумның астында күшті бумен өңдеу арқылы механикалық тазалау
1602	Еттен, қосымша ет өнімдерінен жасалған дайын немесе	Мүшелеу, бұзу, бөлшектеу, кесу, араластыру, оның ішінде үй құсының етін механикалық бұзу, етті хош иісті ащы дәмдермен (дәмдеуіштер) және/немесе өсімдік ақуыздарымен және/немесе тұзбен, тұздықпен піспектеу әдісі бойынша операцияларды сүйегінен ажыратылмаған етті бөлшектеп мүшелеу операцияларын, сондай-ақ үй

	консервіленген өнімдер немесе өзге де қандар	құсының етін механикалық бұзу бойынша дайындау жөніндегі операцияларды орындау кезінде 02-топтың материалдарынан дайындау
1701	Қатты күйдегі құрақ қанты немесе қызылша қанты немесе химиялық таза сахароза	Клерлеу (құрақ қанты үшін), сатурация, сульфитация, сүзу жөніндегі және кейінгі (құрақ қанты және қызылша қанты үшін) технологиялық операцияларды орындау шарттарымен кез келген позициядағы материалдарды дайындау
1702 50 000 0 1702 90 100 0	Химиялық таза фруктоза; Химиялық таза мальтоза	Кез келген позициялардың материалдарынан, оның ішінде 1702 позициясындағы басқа да материалдарынан дайындау
1806	Шоколад және құрамында какао бар өзге де дайын тамақ өнімдері	Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда дайын өнімдікіндей позицияның пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
1806 907000	құрамында какао бар және өндіріс үшін немесе сусындарды дайындауға арналған дайын өнімдері	Технологиялық операциялар: мамандандырылған технологиялық жабдықта шикізатты бумадан шығару, өлшеу, араластыру, кептіру, алғашқы буып-түю орындалған жағдайда, кез келген позициялардағы материалдардан дайындау. Алайда сол позициядағы пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
1905	Нан, ұннан жасалған кондитерлік бұйымдар, тәтті тоқаштар, печенье және құрамында какао бар немесе жоқ өзге де нан-тоқаш және ұннан жасалған кондитерлік бұйымдар; вафли пластиналары, фармацевтикалық мақсаттарда пайдалану үшін жарамды бос капсулалар, мөрлеуге арналған вафлилі орауыштар, күріш қағазы және ұксас өнімдер	Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
2009	Ашытылмаған және құрамында спирт қоспалары жоқ, қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылған немесе қосылмаған жеміс шырындары (жүзім ашытқысын қоса алғанда) және көкөніс шырындары	Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда дайын өнімдікіндей позицияның пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
2101 12	Кез келген позициялардағы кофенің негізіндегі дайын өнімдер	Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда дайын өнімдікіндей позицияның пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы тиіс
2101 129201	осы сығындылар, эссенциялар немесе концентраттар негізіндегі немесе кофе негізіндегі сығындылар, эссенциялар және кофе	Технологиялық операциялар: мамандандырылған технологиялық жабдықта шикізатты ыдыстан шығару, өлшеу, араластыру, кептіру, алғашқы буып-түю орындалған жағдайда, кез келген позициялардағы материалдардан

	концентраттары және дайын өнімдер: бастапқы орамадағы таза массасы 3 кг аспайтын	дайындау. Алайда сол позициядағы пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
2101 209200	шайдың немесе матенің, немесе парагвай шайының сығындылары, эссенциялары немесе концентраттары негізіндегі дайын өнімдер	Технологиялық операциялар: мамандандырылған технологиялық жабдықта шикізатты реставрациялау, өлшеу, араластыру, кептіру, алғашқы қаптау орындалған жағдайда, кез келген позициялардағы материалдардан дайындау. Алайда сол позициядағы пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
2101 30 910 0 (2101 30 110 0-ден басқа)	Сығындылар, эссенциялар және қуырылған цикорий концентраттары 2518	Негізгі технологиялық операцияларды орындау шартымен дайындау, ұсату, сығындылау немесе концентрациялау
2103 30 900 0	Дайын қыша	Қыша ұнтағынан дайындау. Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
2106	Хош иісті немесе бояғыш заттар қосылған қант шәрбаттары	Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
2106 90 200 0	Сусындар дайындау үшін пайдаланылатын спирттік жартылай фабрикасы	Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
2201-ден	Газдалған су	Суды тазарту, суды зарарсыздандыру, суды газдандыру және құю
2204	Күшейтілгенді қоса алғанда, табиғи жүзім шараптары, 2009 тауар позициясында көрсетілгеннен басқа сығынды жүзім шырыны	Араластыру, сүзгіден өткізу жөніндегі технологиялық операцияларды және басқа кейінгі операцияларды орындау шартымен кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, 2204 позициясындағы пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50% ынан аспауға тиіс
2205	Вермуттар және өсімдік немесе хош иісті сығындылар қосылған өзге де табиғи жүзім шараптары	Араластыру, сүзгіден өткізу жөнінде технологиялық операцияларды және басқа кейінгі операцияларды орындау шартымен кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, сол позицияның пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
2206 00	Өзге де ашытылған сусындар (мысалы, сидр, перри немесе алмұрт сидрі, бал сусыны); басқа жерде аталмаған немесе қосылмаған ашытылған сусындардан жасалған қоспалар мен ашытылған сусындардың және алкогольсіз сусындардың қоспалары	Араластыру, сүзгіден өткізу жөніндегі технологиялық операцияларды және басқа кейінгі операцияларды орындау шарты кезінде кез келген позициялардың материалдарынан дайындау
2208	Құрамында мөлшері 80 %-дан кем спирт концентрациясы бар	Араластыру, сүзгіден өткізу жөніндегі технологиялық операцияларды басқа кейінгі операцияларды орындау шартымен кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, сол позицияның пайдаланылатын

	денатуратталмаған этил спирті; спирт тұнбалары, ликерлер және өзге де спиртті сусындар	материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
2309	Жануарларды қоректендіру үшін пайдаланылатын өнімдер	Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
2403	Өнеркәсіптік жолмен дайындалған өзге де темекі және өнеркәсіптік темекі алмастырғыштар; "біртектендірілген" немесе "қалпына келтірілген" темекі; темекіден алынған сығындылар мен эссенциялар: - құрамында кез келген ілеспе темекі алмастырғыштары бар немесе жоқ шегуге арналған темекі	Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, 2403 позициясындағы пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс
25-топ	Тұз; күкірт; топырақ және тас; сылақ материалдары, әктас және цемент	Өңдеу/қайта өңдеу технологиясына сәйкес мамандандырылған өндіріс жағдайларында кез келген позициялардағы материалдардан дайындау; қатты кристалдарды ұсату, кесу, кальцийлендіру
2504	Табиғи графит	Көміртегінің құрамын байыту, шикізатты тазалау және ұсату
2515 12 000 0	Блоктарға немесе қалыңдығы 4 см-ден асатын, бірақ 25 см-ден аспайтын тік бұрышты (шаршылыны қоса алғанда) нысанды тақталарға арамен кесілген немесе өзге тәсілмен бөлінген мәрмәр, травертин	Қалыңдығы 25 см-ден асатын тас блоктарды аралау немесе басқа тәсілмен бөлу
2516	Ескерткіштерге немесе өзге де құрылыстарға арналған ірі ұсатылған немесе ұсатылмаған, арамен кесілген немесе арамен кесілмеген не блоктарға немесе тік бұрышты (шаршылыны қоса алғанда) нысанды тақталарға басқа тәсілмен бөлінген гранит, порфир, базальт, құмтас және тас	Тас блоктарды аралап кесу немесе басқа тәсілмен бөлу
2518	Ірі ұсатылған немесе арамен кесілген не блоктарға немесе тік бұрышты (шаршылыны қоса алғанда) нысанды тақталарға басқа тәсілмен бөлінген доломитті қоса алғанда, доломитті нығыздаушы қоспа	Уату, аралау, ұсату; ірі кальциленбеген доломит үшін кальцилеу
	Табиғи магний карбонаты (магнезит); балқытылған магнезия; агломерациялау	

2519	алдында қосылатын құрамында басқа оксидтің шағын мөлшері бар немесе жоқ жентектелгенге дейінкүйдірілген (кесектендірілген) магнезия; қоспалары бар немесе қоспалары жоқ өзге де магний оксиді	Дайындау, ол кезде табиғи магний карбонатынан (магнезит) басқа, барлық пайдаланылатын заттар өнім позициясынан ерекшелінетін позицияда жіктелуге тиіс
2524	Асбест	Асбест минералынан асбест дайындау (0-6)
2525	Слюда, оның ішінде қатпарланған; слюда қалдықтары	Ыдырату, кесу, ұсату
2707 50 100 0	Отын ретінде пайдалану үшін ASTM D 86 әдіс бойынша 250 С градусқа дейінгі температурада айдалатын 65 айн. % немесе одан астам (шығынды қоса алғанда) өзге де хош иісті көмірсутектес қоспалары	Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер жөніндегі операциялар. Өзге де операциялар, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшелінетін позицияда жіктелуге тиіс. Алайда өнім құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен дәл сол позицияның материалы пайдаланылуы мүмкін
2709 00	Битуминозды жыныстардан алынған шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері	Битуминозды материалдарды пирогендік айдау және битуминозды минералдарды деструктивтік айдау жөніндегі технологиялық операциялардың орындалу шарты кезінде кез келген позициялардың материалдарынан дайындау
2710	Шикілерін қоспағанда, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70 сал.% немесе одан астам битуминозды жыныстардан алынған мұнай немесе мұнай өнімдері бар өнімдер, оның үстіне бұл мұнай өнімдері негізгі құрама өнімдері болып табылады	Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер жөніндегі операциялар. Басқа да операциялар, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнімдікіндей позициядан ерекшелінетін позицияда жіктелуге тиіс. Алайда, бұйым дәл сол олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен позицияның материалдары пайдаланылуы мүмкін
2711	Мұнай газдары мен өзге де газ тәріздес көмірсутектер	Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер жөніндегі операциялар. Басқа да операциялар, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшелінетін позицияда жіктелуге тиіс. Алайда, бұйым дәл сол олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен позицияның материалдары пайдаланылуы мүмкін
2712	Мұнай вазелині; парафин, микрокристалды мұнай балауызы, парафинді гач, озокерит, қоңыр көмірлі балауыз, шымтезек балауызы, синтез немесе басқа да процестердің нәтижесінде	Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер жөніндегі операциялар. Басқа да операциялар, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшелінетін позицияда жіктелуге тиіс.

	алынған, боялған немесе боялмаған өзге де минералды балауыздар мен ұқсас өнімдер	Алайда бұйым дәл сол олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен позицияның материалдары пайдаланылуы мүмкін
2713	Битуминозды жыныстардан алынған мұнай коксы, мұнай битумы және мұнай және мұнай өнімдерінен қалған өзге де қалдықтар	Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер жөніндегі операциялар. Басқа да операциялар, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшелінетін позицияда жіктелуі тиіс, Алайда бұйымның позициясымен бірдей позициядағы материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін
2714	Табиғи битум және асфальт; битуминозды тактатастар немесе мұнайлы және битуминозды құмтастар; асфальтиттер және асфальтты жыныстар	Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер жөніндегі операциялар. Басқа да операциялар, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшелінетін позицияда жіктелуі тиіс. Алайда бұйымның позициясымен бірдей позициядағы материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін
2715 00 000 0	Табиғи асфальттың, табиғи битумның, мұнай битумының, минералды шайырлардың немесе минералды шайырлар күлінің негізінде жасалған битуминозды қоспалар (мысалы битумды мастикалар, жол жабындарына арналған асфальт қоспалары)	Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер жөніндегі операциялар. Басқа да операциялар, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшелінетін позицияда жіктелуі тиіс. Алайда, бұйым дәл сол олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен позицияның материалдары пайдаланылуы мүмкін
28-топ	Бейорганикалық химия өнімдері: органикалық немесе бейорганикалық бағалы металдардың, жерде сирек кездесетін металдардың, радиоактивті элементтердің немесе изотоптардың қосылыстары, 2811 29 100 0, 2818 20 000 0, 2821 20 000 0, 2833 22 000 0-ден қосымша кіші позициялардағы өнімдерден басқа, олар үшін қолданылатын қағидалар бұдан әрі жазылады	Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшелінетін позицияда жіктелуі тиіс. Алайда, бір ғана позициядағы материалдар олардың құны түпкілікті өнім бағасының 20%-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін
2811 29 100 0-ден	Күкірт тотығы (VI) (күкірт ангидридi)	Қос тотықты күкірттен дайындау
2818 20 000 0	Жасанды корундтан ерекшеленетін алюминий оксиді	Өңдеу/қайта өңдеу технологиясына сәйкес мамандандырылған өндіріс жағдайларында кез келген позициялардың материалдарынан дайындау
2821 20 000 0	Жер бояулары (минералды бояғыштар)	Жер бояуларын күйдіру немесе ұнтақтау
2833 22 000 0	Алюминий сульфаты	Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауға тиіс

29-топ	2901-ден, 2902-ден, 2905 19 100 0, 2915, 2932 99 300 0, 2932 99 700 0, 2933, 2934 позицияларындағы қосылыстардан басқа, органикалық химиялық қосылыстар, олар үшін пайданылатын қағидалар бұдан әрі жазылады	Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшелінетін позицияда жіктелуі тиіс. Алайда бұйымның позициясымен бірдей позициядағы материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін
2901-ден	Ациклдық көмірсутектер	Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер жөніндегі операциялар. Басқа да операциялар, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшелінетін позицияда жіктелуі тиіс. Алайда материалдар позициясымен бірдей позициядағы бұйымның құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін
2902-ден	Циклдық көмірсутектер: - циклоалкандар, циклоалкендер және циклотерпендер	Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер жөніндегі операциялар. Ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуі тиіс басқа да операциялар. Алайда бұйымның позициясымен бірдей позициядағы материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін
2905 19 000 0	Металдардың алкогольттары	Кез келген позицияның материалдарынан, оның ішінде 2905 позициясындағы басқа да материалдардан дайындау. Алайда осы позиция металдарының алкогольттары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін
2915	Ациклдық монокарбондық байытылған қышқылдар және олардың ангидридтері, галогенангидридтері, пероксидтері және пероксикышқылдар; олардың галогенденген сульфирленген, нитроленген немесе нитрозирленген туындылары	Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда 2915 немесе 2916 позицияларындағы пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс
2932 99 000 0-ден	Қарапайым ішкі эфирлер	Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда 2909 позициясындағы пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс
2932 99 000 0-ден	Құрамында басқа оттегі бар функционалдық топты қамтитын немесе қамтымайтын өзге де циклді ацеталдар мен ішкі гемиацеталдар, және олардың галогенделген, сульфатталған, нитрленген және нитрозаланған туындылары	Кез келген позициялардың материалдарынан, оның ішінде 2932 позициясындағы басқа да материалдардан дайындау

2933	Құрамында тек азот гетероатом (дар)ы бар, гетероциклді қосылыстар	Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда 2932 немесе 2933 позициясындағы пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс
2934	Химиялық құрамы айқындалған немесе айқындалмаған нуклеин қышқылдары және олардың тұздары; өзге де гетероциклді қосылыстар	Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, 2932, 2933 немесе 2934 позицияларындағы пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 20 %-ынан аспауға тиіс
30 топ	3002, 3002 12 000, 3002 15 000 0, 3002 20 000, 3003, 3004, 3005 және 3 006 60 позицияларындағы тауарлардан басқа, фармацевтикалық өнім, олар үшін қолданылатын қағидалар бұдан әрі жазылады	Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуі тиіс. Алайда, өнімдікіндей позицияның материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 70%-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін.
3002 150000	Бөлшек сауда үшін мөлшерленген дәрілік нысандар түрінде немесе нысандарға немесе буып-түюге өлшеп оралған иммунологиялық өнімдер	Кез келген позициялардың материалдарынан, оның ішінде 3002 позицияның материалдарынан дайындау. Алайда, 3002 позицияның материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 80% - ынан аспауы шартымен, сондай-ақ технологиялық операцияларды орындау шартымен ғана пайдаланылуы мүмкін: жасуша штаммының бөлінуі және (немесе) жасуша штаммының генотиптелуі және фенотиптелуі, және (немесе) жасушалардың бастапқы банкін құру және қолдау, және (немесе) жасушалардың жұмыс банкін құру және ұстап тұру және (немесе) жартылай өнімді вирустық инактивациялау және (немесе) вирустық тазарту және (немесе) жартылай өнімді алу және (немесе) жартылай өнімді стерилдеу және (немесе) шикізат пен материалдарды ыдысқа салу, өлшеу және (немесе) кіріс бақылау, және (немесе) инъекцияға арналған тазартылған суды және (немесе) суды алу және (немесе) құтыларды сыртқы және ішкі жуу, құтыларды кептіру және стерилдеу/депирогенизациялау, және (немесе) құтыларды толтыру және (немесе) құтыларды тығындау, жартылай өнімі бар құтыларды стерилдеу, өндірістік процестердің валидациясы, талдамалық әдістемелердің валидациясы, жабдықтың біліктілігі, инженерлік жүйелердің біліктілігі, ішкі өндірістік бақылау, тұрақтылықты сынау, және (немесе) флакондарды бақылау) және (немесе) жинақтау, дайын препараты бар құтылардың герметикалығын тексеру, және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау, және (немесе) бастапқы және (немесе) қайталама ораманы таңбалау, және (немесе) құтыларды пішінді ұяшықты қаптамаға буып-түю, бумаларға буып-түю, картоннан жасалған қорапқа топтап буып-түю және (немесе) сатуға серия шығару.
		Кез келген позициялардың материалдарынан, оның ішінде 3002 позицияның материалдарынан дайындау. Алайда, 3002 позицияның материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 80% - ынан аспауы шартымен, сондай-ақ технологиялық операцияларды орындау шартымен ғана

3002	Иммундық сарысулар және өзге де қан фракциялары	<p>пайдаланылуы мүмкін: плазмадан қан препараттарын өндіру кезінде: донор скринингі және (немесе) плазманы біріктіру және (немесе) біріктірілген қан плазмасын вирустық тазарту және (немесе) және (немесе) біріктірілген қан плазмасын фракциялау, және (немесе) жартылай өнімді алу және (немесе) жартылай өнімді стерильдеу (пастерлеу) жүргізу, шикізат пен материалдарды ыдысқа салу, өлшеу және (немесе) кіріс бақылау, және (немесе) тазартылған суды және (немесе) инъекцияға арналған суды алу, және (немесе) құтыларды сыртқы және ішкі жуу, құтыларды кептіру және стерилдеу/депирогенизациялау, және (немесе) флакондарды толтыру және (немесе) флакондарды тығындау, жартылай өнімі бар флакондарды стерилдеу, өндірістік процестердің валидациясы, талдамалық әдістемелердің валидациясы, жабдықтың біліктілігі, инженерлік жүйелердің біліктілігі, ішкі өндірістік бақылау, тұрақтылықты сынау, және (немесе) флакондарды бақылау) және (немесе) жинақтау, дайын препараты бар құтылардың герметикалығын тексеру, және (немесе) дайын өнімнің сапасын бақылау, және (немесе) бастапқы және (немесе) қайталама ораманы таңбалау, және (немесе) құтыларды пішінді ұяшықты қаптамаға буып-түю, бумаларға буып-түю, картоннан жасалған қорапқа топтап буып-түю және (немесе) сатуға серия шығару.</p>
